



ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО

УДК 339.727.244
МРНТИ 06.51.67



МҰҚЫ ҒАНИ ТОҒАЙБЕКҰЛЫ¹

¹Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

КАПИТАЛДЫҢ ШЕТЕЛГЕ ЗАҢСЫЗ ӘКЕТІЛУІ: ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ТҰРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Мақалада Қазақстаннан капиталдың заңсыз шет елге әкетілуін болдырмаудың өзекті мәселелері қарастырылып, осы саладағы үрдістер анықталған. Мақалада көрсетілгендей, Қазақстандағы заңсыз капитал ағымымына қарсы тұру тиімділігі қарастырылып отырған саладағы заңнамалық базаның тиісті деңгейде дамымағандығына байланысты. Автор капиталдың заңсыз әкетілуімен күресті күшейту және оның алдын алу бойынша ұсыныстар жасаған және нақты шаралар кешені әзірленген, ол мұндай қызмет түрін анықтап қана қоймай, сондай-ақ оның алдын алуға мүмкіндік береді, жосықсыз заңды тұлғаларға заңды айналшықтап, ақша қаражаттарын шет елге кетуіне мүмкіндік беретін заңнамалық ақауларды түзетуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: капитал, оффшорлық аймақ, қаржы, салық, экономика, капитал заңсыз, ақшаны жылыстату.

Аннотация. В статье рассмотрены актуальные вопросы предотвращения незаконного вывоза капитала из Казахстана за рубеж, определены основные тенденции. Показано, что эффективность борьбы с незаконным отмыванием денег в Казахстане сопряжена с недостаточной зрелостью законодательной базы в рассматриваемой сфере. Автор предложены меры по усилению эффективности борьбы с незаконным вывозом капитала и по пресечению такой деятельности и разработан комплекс действующих мер не только для выявления фактов подобной деятельности, но и для его предотвращения, устранения лазеек в законодательстве, позволяющих недобросовестным юридическим лицам вывозить денежные средства за рубеж, обходя законы.

Ключевые слова: капитал, оффшорная зона, финансы, налог, экономика, вывоз капитала, отмывание денег.

Annotation. There is discussed topical issues of preventing illegal export of capital from Kazakhstan abroad, and the main trends are identified in the article. It is

shown that the effectiveness of combating illegal money laundering in Kazakhstan is associated with insufficient maturity of the legislative framework in the sphere under consideration. The author proposes measures to strengthen the effectiveness of the fight against illegal export of capital and to suppress such activities and developed a set of measures in place not only to identify the facts of such activities, but also to prevent and eliminate loopholes in legislation that allow unscrupulous legal entities to export money abroad, bypassing the laws.

Key words: capital, offshore zone, finance, tax, economics, capital outflow, money laundering.

Капиталдың бір елден басқа елге заңсыз әкетілуі мәселесі бүгінгі таңда жаһандық сипатқа ие болып отыр. Қазіргі уақытта әлемдік нарықта ақша құралдары мен капиталдың мемлекеттер арасындағы еркін қозғалысы іске асуда, ол көбінесе түрлі сауда қатынастары, инвестициялар, меценаттық және т.б. формаларда жүреді. Жеке бір мемлекетте табыстарды жасыру қиынға соғатындықтан, халықаралық қылмыстық топтар түрлі елдердің заңнамаларының әр түрлі ерекшеліктерін өз пайдаларына қолданады. Әлемде кейбір елдерде салықтардың көлемі төмен, не болмаса кейбір компаниялар түрлеріне салықтық жеңілдіктер жасалады, кейде тіпті салықтан босатады, одан басқа, бизнесті анонимді жүргізуге заңды рұқсат береді, оларды оффшорлық аймақтар деп атайды. Салық төлеуден жалтару, немесе табыс көзін жасыру мақсатында капиталды заңсыз осындай жерлерге шығарады [1].

Дүниежүзілік валюталық қордың ақпараты бойынша, жыл сайын заңсыз шығарылатын капитал көлемі әлемдік жалпы ұлттық өнімнің 2%-5%-ына дейін құрайды екен [2].

Global Financial Integrity ұсынған «Дамушы елдерден капиталды заңсыз әкету» атты жыл сайынғы есебіне сәйкес, Қазақстан 148 дамушы мемлекеттер арасындағы рейтингте 11-ші орынға ие болған. Олардың пайымдауынша, Қазақстаннан жыл сайын орта есеппен \$ 16,7 млрд. заңсыз әкетіледі. Рейтинг басында Ресей (\$ 105 млрд.) мен Қытай (\$ 140 млрд.) тұр [3].

Шетелге капитал шығарудың ең көп таралған тәсілдерінің бірі трансұлттық корпорациялардың ішінде трансферттік баға белгілеу болып табылады. Шетелге капитал әкетуден басқа, трансферттік баға белгілеу – салықтарды төлеуден жалтару, экономикалық құқық бұзушылықтардың белгілері бар акциялардың мемлекеттік пакеттері бойынша дивидендтер мөлшерінің кемуі сияқты теріс салдарларға алып келеді [1].

Жоғарыда көрсетілген операциялардың әрекет ету қағидасы күрделі: трансұлттық корпорациялардың ішкі корпоративтік тізбегінде әдетте делдал (оффшорлық) сауда-сатып алу компаниясы қатысады, оның есеп-шотына бүкіл шоғырланған топтың кірістері жазылады. Топ өз кірістерін азайтып, салықтар және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтарады.

Бір корпоративтік құрылым бөлімшелерінің арасында трансферттік бағаны қолдану практикасының өзі, егер аффилиирленген тұлғалар арасындағы мәмілелер халықаралық нарықта белгіленген ережелерге сәйкес жүргізілсе немесе қатысушы тараптардың бірінің пайданы ала алмағанына жеткілікті дәлелдер бар болып, корпоративтік құрылымның қойылған стратегиялық мақсаттарына жеткеннен кейін өтелетін болса, тыйым салынған іс-әрекет болып табылмайды. Шет елдерге қаржы бөлігін заңсыз әкету мақсатында трансферттік баға белгілеуді теріс пайдалану фактісі



анықталған жағдайда ғана мемлекеттің араласуы талап етіледі [1].

Капиталды шет елге заңсыз шығарудың жиі кездесетін түрі экспортталған тауарлар үшін төлемді елімізге аударудан бас тарту және жалған импорт болып табылады. Жалған импорт кезінде шет елдік тауарлар үшін алдын ала төлем шет елге аударылады. Мұндай қылмыстардың жасалу жолы: тауармен жабдықтаушылар ретінде келісім-шарт бойынша резидент емес компаниялар болады, олар оффшорлық аймақтарда (мысалы: Каир Республикасы, Британияның Виргин аралдары) тіркеледі. Ал, алдын ала төлем төленген тауар Қазақстанға мүлдем немесе толық әкелінбейді, оның төлемі қазақстандық кәсіпорындардың есепшоттарынан шетелге жалған импорттерлердің шоттарына аударылады. Соңғы кездері осындай заңсыз әрекеттердің схемасы кеңінен таралуда [1].

Сондықтан валюталық операцияларды бақылау бойынша шаралардың бірі ретінде келісім-шарт паспортын рәсімдеу, доғару, өзгерту фактілерін жасырғандығы үшін, сондай ақ жалған құжаттармен келісім-шарт паспортын рәсімдегені үшін өкілетті банктердің жауапкершілігін күшейту қажет.

Оған қоса, жалған импорт фактілерінің Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің ішінде көп кездесетіндігін ескере отырып, осындай профилактикалық шараларды аталған одақ құрамындағы елдердің алдын ала тергеу органдарының қылмыстық істер бойынша халықаралық ынтымақтасуы аясында қолдану ахуалды түбегейлі түрде өзгертуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірісіндегі шығынды болдырмау және оның экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында, трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелерін реттейтін заң және заңға тәуелді актілер қабылдау өте маңызды.

Біріншіден, капиталды заңсыз әкетудің артында бұл табысты заңсыз табу (жемқорлық, ұрлық, салықтан жалтару, наркобизнес және т.б.) жатқандығын түсінген жөн. Себебі еңбекақыны немесе заңды тапқан табысты жасырудың қажеті жоқ.

Екіншіден, қылмыстық жолмен келген табысты шығару бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту және тереңдете түскен абзал. Осы орайда Қазақстанда біршама жұмыстар атқарылды. Мәселен, 2017 жылдан бастап Қазақстан әлемнің 90 елі қосылған Страсбург конвенциясын ратифициялады. Аталмыш конвенцияны қабылдаған мемлекеттер енді өз елдерінің резиденттері туралы мәліметтерді, оның ішінде олардың табыс көздері туралы деректермен алмасуға міндеттеледі. Осылайша, еліміз өз азаматтарының қаржыларын заңсыз шығаруды болдырмауға ұмтылыс жасауда [4].

Үшіншіден, ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары М. Такиев атап өткендей, «100 нақты қадам» ұлт жоспарына сәйкес елімізде 2020 жылдан бастап жаппай салықтық декларациялау жоспарланған. Аталған жаппай салықтық декларациялауды заңсыз капитал ағымының алдын алудың бір амалы ретінде қарастыруға болады. Өйткені, қазіргі уақытта Қазақстанда жаппай салықтық декларациялаудың болмауы салдарынан жасырын табыстарды шет елге шығару үшін қолайлы орта қалыптасқан.

Мәселен, кез-келген Қазақстан азаматы көлік, жылжымайтын мүлік, бағалы қағаздар, бизнес сатып алуға мүмкіндіктері бар, бірақ олардың табыстары мен шығыстарын декларациялау бойынша салықтық міндеттемелері жоқ. Сондықтан олардың табыс көздері белгісіз болып қалады, ал бұл алынған табыстарды жасыруға, немесе шет ел асыруға мүмкіндік береді [5].

Осы құқық бұзушылықтарға қарсы әрекет жасау экономикалық

тергеу қызметі, ұлттық қауіпсіздік, қаржылық барлау қызметінің басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен және халықаралық құқық қорғау ұйымдармен өзара тығыз қарым-қатынасында басым болып табылады.

Сонымен, жүргізілген зерттеу нәтижесі көрсеткендей, еліміздің экономикалық мүддесін қорғау мақсатында қарастырылып отырған мәселе, аса өзекті. Елімізде капиталды заңсыз шығаруға қарсы тұру жолдары басқа елдер қолданатын қағидаларға негізделеді және халықаралық стандарттарға сай іске асырылады. Ең маңызды әдістердің бірі валюталық бақылау болып табылады. Оның тиімділігін арттыру үшін келесі шараларды ұсынуға болады:

– ҚР Ұлттық банкі, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, мемлекеттік кірістер және қаржылық бақылау комитеттері, сонымен бірге Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясы арасындағы ақпараттық алмасуды күшейту. Бұл капиталды заңсыз шығару сипаттары бар немесе күдікті операцияларды жедел түрде және кешендік талдау жасау қажет;

– заңды түрде транзакциялар, операциялардың шектеулі сомаларын бекіту қажет. Әзірге Қазақстанда

бұл сала тиісті деңгейде реттелмеген. Яғни жеке және заңды тұлғалар ешқандай шектеулерсіз шет елдердегі есепшоттарға қаржы аудара алады. Осының нәтижесінде жасалатын заңсыз қаржы операциялары, отанымыздың қаржы жүйесіне айтарлықтай нұқсан келтіруі мүмкін. Халықаралық тәжірибелерді зерделей келе, мысал келтіре кетсек, Германияда 5 мың еуродан асатын сомаға есепшот ашу үшін ақшаның заңды жолмен табылғандығын растайтын құжаттар қажет. Сонымен қатар, Панама мемлекетінде аталған құжаттарсыз есепшот ашу 10 мың еуромен шектелген [6];

– жалған импорт схемасы арқылы ақшаны заңсыз жолмен шет елге өткізумен күресті нығайту мақсатында келісім-шарт паспортын рәсімдеу, доғару, өзгерту фактілерін жасырғандығы, жалған құжаттармен рәсімдегені үшін екінші деңгейлі банктерді жауапкершілікке тарту және оны заң негізінде бекіту;

– резиденттің есепшотына қаражатты қайтару міндеттемесінің мерзімдерін нақты күнтізбелік кезеңмен заңды түрде бекіту;

– шет елден қайтарылуы тиіс қаражаттардың қайтарылмағандығы үшін резиденттердің жауапкершілігін заңнамада реттеу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Белоусов, Д.М. Актуальные вопросы расследования незаконного вывода денежных средств за рубеж [Текст] / Д.М.Белоусов // Законность. – 2015. № 3. С. 11- 4. (<http://article/8966>) – интернет источники.

2. Феоктистов, С. Криминальный вывод капитала: проблемы и пути решения. О реализации полномочий транспортных прокуроров в противодействии фиктивному импорту в условиях экономической интеграции стран Таможенного союза на примере Западно-Сибирского региона [Текст]/ С.Феоктистов // Прокурор. – 2014. № 4. С. 79 – 84. (<http://article/9467>) – интернет источники.

3. Казахстан вышел в лидеры по утечке капитала [Текст] // (<https://eadaaily.com/ru/news/2015/12/10/kazakhstan-vyshel-v-lidery-po-utechke-kapitala>) – интернет источники.

4. Казахстан получит доступ к информации о финансах и имуществе своих резидентов в 90 странах мира [Текст] // (<http://www.zakon.kz/4809667-v-2017-godu-kazakhstan-poluchit-dostup.html>) – интернет источники.

5. С 2020 года в Казахстане планируется декларирование доходов и имущества всеми физлицами [Текст] // (<http://www.zakon.kz/4740706-s-2020-goda-v-kazakhstane-planiruetsja.html>) – интернет источники.

6. Подтверждение легитимности денежных средств для банка [Текст] // (https://open-offshore.ru/stati/podtverzhdenie_denezhnh_sredstv_dlya_bank/) – интернет источники.